

«SHYMKENTMARATHON®» жүгіру шарасының ЕРЕЖЕСІ (РЕГЛАМЕНТІ)

Шымкент қ.

20.05.2019 ж.

ЖАРЫСТЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

«SHYMKENTMARATHON®» дәстүрлі жалпықалалық жүгіру шарасы (бұдан әрі – Жүгіру, Жүгіріс, Шара, Жоба, Марафон):

- Сауықтыру жүгірісін танымал ету;
- Салауатты өмір салтын ілгерілету және халықты дене шынықтырумен және спортпен айналысуға тарту;
- Шымкент қаласында бұқаралық спортты дамыту;
- Жас талантты спортшыларды - болашақ Қазақстан спортын қолдау;
- Азаматтар мен ірі компаниялардың қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін танымал ету мақсатында өткізіледі.

ЖАРЫСТАРДЫ ӨТКІЗУ УАҚЫТЫ МЕН ОРНЫ

Жарыстың өтетін күні мен уақыты: 2019 жылғы 29 қыркүйек, сағат 7:00-ден 15:00-ге дейін.

Өткізу орны: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы.

СТАРТ - Д.Қонаев даңғылы 83, «RoyalClubFitness&SPA» фитнес-клубының ғимараты.

МӘРЕ – «Наурыз» алаңы.

Бекітілген барлық қашықтық бағыттарымен жобаның ресми интернет-ресурсынан танысуға болады:

[HTTPS://MARATHON.ROYALFITNESS.KZ/.](https://marathon.royalfitness.kz/)

ЖАРЫСҚА БАСШЫЛЫҚ ЕТУ

Шосселик жүгіру бойынша жарыстарды дайындау мен өткізуге жалпы басшылықты:

- Шымкент қаласының әкімдігі;
- Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы;
- Фитнес-клубтар:
 - «Royal Club Fitness & SPA» («Корпорация Headway incorporated» ЖШС);
 - «KASJET» («ФОРС 1» ЖШС), әрі қарай мәтінде – «Royal Club Fitness & SPA», «KASJET» клубтары жүзеге асырады.

Жарыстарды дайындау және өткізу Ұйымдастыру комитетіне (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) жүктеледі.

Ұйымдастыру комитетінің құрамына:

- Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы (бұдан әрі - Басқарма);
- «Royal Club Fitness & SPA», «KASJET» клубтары;
- Жоғарыда аталған ұйымдардың жаттықтырушылар және әкімшілік қызметкерлері кіреді.

ТІРКЕУ. ҚАЙТА ТІРКЕУ. ЖАРЫСҚА ЖІБЕРУ ШАРТТАРЫ.

Шараға қатысуға тіркеуден өткен жүгірушілер ғана жіберіледі. **Тіркеу рәсімінен өткен және бастапқы жарнаны төлеген қатысушы тіркелген болып саналады.** Қатысушылар тізіміне тек төленген өтінімдер кіреді.

Қатысушыларды тіркеу **2019 жылдың 25 мамырында** басталады және **2019 жылдың 27 қыркүйегінде** 23 сағат 59 минутта аяқталады, екі жолмен жүзеге асырылатын болады:

- On-line <https://marathon.royalfitness.kz/> сайты арқылы, қолма-қол ақшасыз тәсілмен,
- Off-line келесі мекенжайлар бойынша: **Шымкент қ., Қонаев көш., 83** («RoyalClubFitness&SPA» фитнес-клубы), **Шымкент қ., Үркімбаев көш., 16/1** («Kasiet» фитнес-клубы), қолма-қол және қолма-қол ақшасыз тәсілмен.

Қатысушы бастапқы жарнаны тіркеу және төлеу арқылы Жарыс ережесімен келіседі.

Қатысушылардың бастапқы топтамаларын беру 2019 жылғы 26, 27, 28 қыркүйекте өтеді. Беру орны жобаның сайтында және жобаның ресми беттерінде әлеуметтік желілерде хабарланатын болады. Бастапқы пакеттерді беру қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттарды ұсынған және жобаны ұйымдастырушылардың атына қолхатқа қол қойған кезде жүзеге асырылады. 18 жасқа дейінгі қатысушылар үшін ата-аналардан жарыстарға жіберілгені туралы қолхат және қолхатқа қол қойған ата-аналардың бірінің жеке куәлігінің көшірмесі талап етіледі.

Жобаға қатысу мүмкін болмаған жағдайда қатысушы 25 қыркүйекке дейін қашықтықты өзгертпей басқа тұлғаға бастапқы жарнаны қайта тіркей алады. Бұл үшін salesdirec@royalfitness.kz мекенжайға өтініш жазу қажет.

Қатысу құны (бастапқы жарна)

«SHYMKENTMARATHON® 2019» шарасына жеке қатысу үшін бастапқы жарна осы кестеде келтірілген:

| Тіркеу кезеңі | «Beginner» | «Runner» | «Half-Marathon» | «Marathon» |
|---|------------|-----------|-----------------|------------|
| 2019 жылғы 15 маусымға дейін | 2 500 KZT | 3 000 KZT | 6 500 KZT | 6 500 KZT |
| 2019 ж. 16 маусымнан 31 шілде аралығында | 3 000 KZT | 3 500 KZT | 7 000 KZT | 7 000 KZT |
| 2019 ж. 1 тамыздан 27 қыркүйек аралығында | 4 000 KZT | 5 000 KZT | 7 500 KZT | 7 500 KZT |

ҚАШЫҚТЫҚТАР МЕН ЖАС САНАТТАРЫ

| Атауы | Қашықтық | Уақыт лимиті | Жас санаттары |
|-----------------|---------------------------|-----------------|--|
| «MARATHON» | 42 шақырым және 195 метр | 6 сағатқа дейін | Ерлер мен әйелдер жеке: 18-ден 39 жасқа дейін; 40-тан 49 жасқа дейін; 50-ден 59 жасқа дейін; 60-тан 69 жасқа дейін; 70-тен және жоғары |
| «HALF-MARATHON» | 21 шақырым және 97,5 метр | 3 сағатқа дейін | Ерлер мен әйелдер жеке: 18-ден 39 жасқа дейін; 40-тан 49 жасқа дейін; 50-ден 59 жасқа дейін; 60-тан және жоғары |
| «RUNNER» | 10 шақырым | 2 сағатқа дейін | Ерлер мен әйелдер жеке: 15-ден 39 жасқа дейін; 40-тан және жоғары |
| «BEGINNER» | 5 шақырым | 1 сағатқа дейін | Ерлер мен әйелдер жеке: 12-ден 39 жасқа дейін; 40-тан және жоғары |

Бірнеше қашықтыққа бір уақытта қатысуға қатаң тыйым салынады!

ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау, сондай-ақ марапаттау рәсімі қатысушының мәреге келу фактісі бойынша жүргізіледі.

| Атауы | Жас санаттары |
|-----------------|---|
| «MARATHON» | <ol style="list-style-type: none"> Ерлер мен әйелдердің абсолюттік жеңімпаздары (1-3 орын) грамоталар, жеңімпаз медалін және ақшалай сыйлық алады. 40-тан 49 жасқа дейінгі ер мен әйел жеңімпаздар (1-3 орын) грамоталар, жеңімпаз медалін және бағалы сыйлық – демеуші компаниядан сертификат алады. 50-тан 59 жасқа дейінгі ер мен әйел жеңімпаздар (1-3 орын) грамоталар, жеңімпаз медалін және бағалы сыйлық – демеуші компаниядан сертификат алады. 60-тан 69 жасқа дейінгі ер мен әйел жеңімпаздар (1-3 орын) грамоталар, жеңімпаз медалін және бағалы сыйлық – демеуші компаниядан сертификат алады. 70-тен және жоғары ер мен әйел жеңімпаздар (1-3 орын) грамоталар, жеңімпаз медалін және бағалы сыйлық – демеуші компаниядан сертификат алады. Барлық мәреге жеткен жүгіріске қатысушылар мәрешінің естелік медалін алады. |
| «HALF-MARATHON» | <ol style="list-style-type: none"> Ерлер мен әйелдердің абсолюттік жеңімпаздары (1-3 орын) грамоталар, жеңімпаз медалін және ақшалай сыйлық алады. 40-тан 49 жасқа дейінгі ер мен әйел жеңімпаздар (1-3 орын) грамоталар, жеңімпаз медалін және бағалы сыйлық – демеуші компаниядан сертификат алады. 50-тан 59 жасқа дейінгі ер мен әйел жеңімпаздар (1-3 орын) грамоталар, жеңімпаз медалін және бағалы сыйлық – демеуші компаниядан сертификат алады. 60-тан және жоғары ер мен әйел жеңімпаздар (1-3 орын) грамоталар, жеңімпаз медалін және бағалы сыйлық – демеуші компаниядан сертификат алады. Барлық мәреге жеткен жүгіріске қатысушылар мәрешінің естелік медалін алады. |
| «RUNNER» | <ol style="list-style-type: none"> Ерлер мен әйелдердің абсолюттік жеңімпаздары (1-3 орын) грамоталар, жеңімпаз медалін және ақшалай сыйлық алады. 40 және жоғары ер мен әйел жеңімпаздар (1-3 орын) грамоталар, жеңімпаз медалін және бағалы сыйлық – демеуші компаниядан сертификат алады. Барлық мәреге жеткен жүгіріске қатысушылар мәрешінің естелік медалін алады. |
| «BEGINNER» | <ol style="list-style-type: none"> Ерлер мен әйелдердің абсолюттік жеңімпаздары (1-3 орын) грамоталар, жеңімпаз медалін және ақшалай сыйлық алады. 40 және жоғары ер мен әйел жеңімпаздар (1-3 орын) грамоталар, жеңімпаз медалін және бағалы сыйлық – демеуші компаниядан сертификат алады. Барлық мәреге жеткен жүгіріске қатысушылар мәрешінің естелік медалін алады. |

Ақшалай жүлделерді беру шара өткізілгеннен және жеңімпазбен ақшалай жүлдені алуға шарт жасалғаннан кейін 7 жұмыс күні ішінде банктік аударыммен жүргізіледі.

НӘТИЖЕЛЕРДІ ТІРКЕУ

Жүгіруге қатысушылардың нәтижелері хронометраждың электрондық жүйесімен белгіленеді. Жүгіруден кейін қатысушылар өз нәтижелерімен <https://marathon.royalfitness.kz/> сайтында таныса алады, олар тексерілгеннен кейін 72 сағат ішінде жарияланатын болады.

Жарысқа қатысушының нәтижесі дұрыс орналастырылған жағдайда ғана тіркеледі - старттық нөмір жақсы көрінуі, кеудеге орналастырылуы және барлық төрт бұрышта түйреуіштердің көмегімен бекітілуі тиіс.

Жарыстың ұйымдастыру комитеті келесі жағдайларда әр қатысушының жеке 100% нәтижеге қол жеткізуіне кепілдік бермейді:

- Дұрыс емес бекітілген чип
- Қатысушы бөтен чиппен жүгірді
- Топта чиптің іске қосылмауы
- Чиптің магнитсізденуі
- Сот алқасының шешімімен жарыстан шығарып тастау

Ұйымдастыру комитеті бір және одан да көп чек-пойнттарда чип іске қосылмаған жағдайда қатысушыны жарыстан шығарып тастау туралы түпкілікті шешім қабылдау құқығын өзіне қалдырады.

ҚАРСЫЛЫҚТАР МЕН НАРАЗЫЛЫҚТАР

Қатысушының қолайлылығына немесе қатысушының жабдықталуына қатысты наразылық білдіргісі келетін қатысушы жарыстың бас төрешісіне қашықтық аяқталғаннан немесе одан шыққаннан кейін екі сағат ішінде жазбаша түрде наразылық беруі тиіс. Назылық сомасы 10 000 теңге. Жарысқа байланысты барлық наразылықтарды Төрешілер алқасы қарайды. Назылық қанағаттандырылған жағдайда 10 000 теңге сомасы наразылық берген адамға қайтарылады. Егер наразылық қанағаттандырылмаса, ақша қайтарылмайды.

ДЕНСАУЛЫҚ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Жүгіру шарасына төлемді және тіркеуді жүргізе отырып, қатысушылар дәрігерде медициналық куәландырудан өткендігін және қатысушы (жүгіруші) ретінде шараға қатысуға қарсы көрсетілімдері жоқ екенін растайды, «SHYMKENT MARATHON®»-ға қатысу нәтижесінде олардың денсаулығы үшін қолайсыз салдарлар туындауы мүмкін екенін, өзінің қауіпсіздігі мен денсаулығы үшін жауапкершілікті өз бетінше көтеретінін түсінеді. Жүгіру кезінде жазатайым оқиға болған, жарақаттанған немесе дене жарақатын алған жағдайда Ұйымдастырушылар мен Демеушілерге қандай да бір материалдық және өзге де талап қоюлардан, шағымдардан ерікті түрде және көрінеу бас тартамын. Шағым қоюдан бұл бас тарту олардың ықтимал мұрагерлері мен қамқоршыларына таралады;

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 145-бабына сәйкес және «SHYMKENT MARATHON®» жүгірісін, сондай-ақ ұйымдастырушылар мен демеушілердің қызметін танымал ету мақсатында, жүгіру шарасына тіркеліп және төлем жасай отырып, қатысушылар бейне және фототүсірілімдерді (фотосурет және/немесе бейнеролик) жүзеге асыруға өз келісімін береді, сондай-ақ «SHYMKENT MARATHON®» ұйымдастырушыларының және осы шараның демеушілерінің SMS-хабарламаларын және e-mail хаттарын алуға келісім береді. Осы келісімді өтеусіз негізде береді.

ШАРА БАҒДАРЛАМАСЫ

| | |
|---------------|---|
| 07:00 - 07:30 | Старт қалашығының салтанатты ашылуы. Шешінетін бөлмелер мен мобильді сақтау камералары жұмыс істей бастайды. |
| 07:30 | Сахнадағы фитнес-нұсқаушылардан жүгіру алдындағы жаттығу. |
| 07:40 - 08:00 | Старт аймақта қатысушыларды сапқа тұрғызу. Сапқа тұрғызу тәртібі: 1. 42,195 км (Marathon) 2. 21,975 км (Half-Marathon) 3. 42,195 км (Runner) 4. 42,195 км (Beginner) |
| 08:00 | 42 км 195 метрге жүгіруді бастау (Marathon) және ресми тұлғалар командалары |
| 08:10 | 21 км 97.5 метр (Half-Marathon) жүгіруді бастау |
| 08:20 | 10 км (Runner) жүгіруді бастау |
| 08:35 | 5 км (Beginner) жүгіруді бастау |
| 09:20 | Старт қалашығының жабылуы. |
| 09:30 | Мәре қалашығының ашылуы. |
| 10:00 | Салтанатты бөлім бағдарламасының басталуы. |
| 10:25 | 5 км қашықтықта жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау. |
| 11:20 | 10 км қашықтықта жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау. |
| 12:10 | 21 және 42 км қашықтықтағы біріншілікте жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау. |
| 13:00 | Бағалы сыйлықтар мен сыйлықтардың ұтыс ойыны. |
| 13:30 | Жас ерекшеліктері бойынша 42 км жеңімпаздарын марапаттау. |
| 15:00 | Мәре қалашығының жабылуы. |

Шара бағдарламасы түзетілуі мүмкін, соңғы нұсқасы жобаның ресми сайтында және қатысушылардың бастапқы пакетіне енгізілген жаднамаларда қолжетімді болады.

ЖАРЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР

Жарыстарды ұйымдастыру және өткізу шығындарын:

Басқарма, Ұйымдастыру комитеті, Демеушілер көтереді.

Жол жүру, орналастыру және тамақтану шығындарын жіберуші ұйымдар немесе қатысушылардың өздері көтереді.